

1971. -248 б.

Исабеков Д. «Көрермен театрден тебіреніп шықса, соның өзі маған шабыт береді» // «Дидар» газеті. 8-маусым 2008 ж.

### Резюме

В данной статье рассматривается развитие драматургии в период независимости и были исследованы драматические произведения казахских писателей.

### Resume

This article mentions development of Kazakh dramatic in the period of independence and there are investigations, analysis of dramatic works.

**Қ. ОРАҚОВ,**

*Сүлеймен Демирел университетінің магистранты*

### ҚАЗІРГІ ПРОЗАНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Әр дәуірдің рухани сұранысына байланысты түрлі әдеби жанрлар алға шығып, қоғамның қажеттілігін қанағаттандырып отырады. Жиырмамыншы ғасыр қазақ әдебиетінің «алтын ғасыры» деп аталады. Олай аталуының да өзіндік себебі бар десек қателеспейміз. Олай деуіміздің себебі – осы ғасырда барлық жанрдың қарыштап дамығандығында, соның нәтижесінде сүбелі дүниелердің, сүйекті туындылардың өмірге келгендігінде болса керек. Тәуелсіз ел атанып, қоғамдық формация өзгеріске түскенде ұлттық әдебиетте де динамикалық көрсеткіштің төмендеп кеткендігі анық байқалды. Мұның салдары әдебиеттегі кейбір жанрлардың кенжелеп, тіпті мүлдем тоқтап қалуына әкеп соқтырды.

Десек те қазіргі таңда проза жанрында жетістіктеріміз көңілімізді тоғайтады. Бір өкініштісі – мұнда да жетістікті айту үшін өткенге көз жүгіртуге тура келеді. Бүгінгі таңда әңгіме, повесть, роман жазылып жатырақ, дегенмен де драматургия, детектив, фантастика, бестселлер тәрізді заманның, қоғамның сұрасына сай қызмет қылатын жанрлардың дамуы кенжелеп тұрғандықтан, оқырман мен қаламгердің арасы алшақтап кетті. Бұл – көз жеткен шындық.

1960-80 жылдары қазақ прозасына жаңа сипаттағы жазушылар келді. Бұлар алдыңғы ұрпақтың (А. Байтұрсынұлының, М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың, Шәкәрімнің) шығармаларымен бүге-шіге таныса алмаса да, қазақ прозасын дүниежүзілік деңгейге көтерді. Бұлар Э. Хэмингуэйді, Ф. Кафканы, У. Фолкнерді, Ницшені оқып, дүниежүзілік әдебиетпен емір-еркін танысты. Бұл толқын: Т. Ахтанов, Т. Әлімқұлов, Б.

Соқпақбаев, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, О. Сүлейменов, М. Мағауин, Ә. Әлімжанов, Қ. Ысқақов, С. Мұратбеков, Қ. Жұмаділов, Д. Исабеков, О. Бөкей, Т. Әбдіков, Б. Нұржекеев, Т. Нұрмағамбетов, С. Санбаев, М. Сқақбаев, А. Сейдімбеков, С. Сматаев және тағы басқалар[1/351 б].

Міне, осындай ағалардың ізін жалғастырушы жас жазушыларымыз аз емес, баршылық.

Әдебиет – ұлттық сана-сезім формасы. Бұл тұрғыда қазақ әдебиеті өзіне тән дербестігін, ұлттық тілін, маңызын жоймас тақырып пен идеясын, этикалық және эстетикалық идеалын сақтаған жағдайда ғана прогрессивті әлем әдебиетінің мұхитына құяр арналы өзен болары сөзсіз.

Адамзат баласының жабық қоғамда өмір сүре алмайтындығы ақиқат. Жер бетіндегі оқырманның талғамын, сұранысын әлемдік қаламгерлер қалыптастырады. Қазақ оқырманы ағылшын, орыс я қытай тілінен түпнұсқаны оқуға да қауқарлы ғой. Демек, әлемдік ахуал әсер етіп қалыптасқан халықтың рухани сұранысын қамтамасыз ете отырып (бірақ ол деңгейге түспей), олардың талғамын ұлттық бояуы қанық туындыларды түрлі формалық тәсілдермен жеткізу арқылы жаңа сатыға көтеру – қазақ қаламгерінің парызы.

Міне, мұндай сүбеден шығып, проза жанрында қалам тербеп жүрген жас әдебиетшілеріміз, шығармашылығы көбіне республикалық мерзімді баспасөз беттерінен таныс болған, әдебиет кеңістігіне шыққанына көп уақыт та өте қоймаған Мадина Омарова, Лира Қоныс сынды т.б. қаламгерлерді атап өтуімізге болады.

Қандай да болмасын көркем туынды ондағы образға кіретін кейіпкерсіз жасалынбайды. Оны «кейіпкер» сөзінің түсіндірмесінен де аңғарамыз. «Кейіпкер, персонаж – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ» деп беріледі ҚЭ-да. Әдебиетте адамның көркем бейнесін жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатындай етіп ерекше суреттейді. Көркем бейненің типтік өзгешелігі қоғамдық өмірдің ішкі сырын, мәнін ашып беру үшін қандай қажет болса, оның даралық, жекелік сипат белгілері адам тұлғасын, іс-әрекетін, мінез-құлқын көзге айқын елестету үшін, нақтылық қалпында көріп-білу үшін сондайлық қажет. Көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін, негізгі тұлға басты кейіпкер болады. Кейде шығармаларда бірнеше басты кейіпкер болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда белгілі бір адамды немесе жеке біреуді басты кейіпкер деп айта алмаймыз.

Кей жағдайда бір ғана кейіпкер бір ұлттың жағдайын суреттеп шығатындай да шығармалар бар. Мысалы, бір ғана жас жазушыларымыздың бірі Роза Мұқанованың «Соқыр көзден шыққан жас» аталатын шығармасына көз жүгіртелік. Ондағы басты кейіпкеріміз – Айман Озарова. Оның басынан

кешкен қиын күндері бір ғана өзінің басынан өткендері емес, ол бүкіл бір ұлттың басындағы оқиға деп қарастырғанымыз дұрыс болар.

Жақында ғана «Қазақ әдебиеті» газеті бетінде жарық көрген Роза Мұқанованың «Үркек Керім» аталатын әңгімесіне тоқталып өтсек. Бұл әңгіме Ақанның жүрегіне махаббат отын тұтатқан қазақ қыздарына деген көңіл, махаббат сарынына құрылған. Онда қазақ халқының сал-серілерінің бірі Ақанның сұлуды адаспай деп танып, қыз баласы Жамалға көңілінің құмартып, жар болуға сөз салғандағы, бірақ та қазақ қызының ақылды сөзін, шешімін былайша шебер сөйлетеді: «Ақан ағам маған күйеу боламын деп жұртқа қадірін кетірмесін. Аға болсын! Күйеудің қадірі бірде артса, бірде өзіммен теңеседі. Аға - өмірбақи қадірлім».

«Апыр-ай, соңғы сөзің бе екен, елден ерек жаралған қалқа?! Сұлулықты танығанда мүлт кетпейтін шыққыр көзім, өзіңе қадалғанын көрмеймісің. Қыз болмай, ұл болсаң етті, одан да. Ұл болсаң серілік қылар ем, еркелетіп, жаныма ертіп...» (Ақанның сөзі)[2].

Ал, келесі жас жазушыларымыздың қатарында проза жанрында қалам қозғап жүрген Мадина Омарованы айта аламыз. Ол шығармаларын әңгіме түрінде өрбітеді. «Жалын баспасынан» жарық көрген «Ана ғұмыр» аталатын еңбегіне «Менің ауылым», «Қария», «Емші апа», «Қарғалар» және т.б.

М. Омарова әңгімелерін қысқа қайырғанымен астында үлкен ой жатады. Бір ғана «Менің ауылым» әңгімесін алып қаралық. Онда қазіргі қоғамның сиқы анық аңғарылады. Қазіргі қоғамның сиқы – анасы баласының қателігін, өзіне деген көңілі қаншалықты екенін біле тұра, оған тек жақсылық, амандығын тілейді. «Ана жүрегі – бала деген» деген түйінді білдіреді. Сонымен қатар Күнделікті өмірдің шырғалаңынан шыға алмай, өзінен басқа өзгені ойларға тұрмыстың қатпар-қатпар қарбаластары жол бермейтін мына заманның бет-бейнесі сипатталады. Туған анасына да бір уақыт көңіл бөлуге мұрша бермейтін заман. Әңгімеге қысқаша тоқталып өтелік.

«Тоқал тамның алдында тұрған кейуана әжім көмкеріп, тілім-тілімі шыққан алақанымен күннен көзін қалқалады. Саусақтары жуан, икемге көнбейтін тарамыс. Өмір бойы қара жұмыс істегені, аянбай істегені көрініп тұр. Суалған жанарымен қара жолға демін ішіне тартып телміреді. Бір нәрсе қараятын тәрізді». Бұл – қаладан жан жүрегі баласын күткен ана бейнесі. Зейнеткерліктің беретін үш мың теңге ақшасы. Балаларының оған ортақтаспай өз беттерімен өмір кешкеніне де тәубе дейтіндей. Алайда бес бірдей баланы дүниеге әкеліп, олардың қуанышына ортақтаспай ауылдағы құлазыған үйде жападан-жалғыз, жоқ жалғыз мысығымен күнелткен қу тіршілік. Ана осыған налыды. «... Балалар жоқ. Өстіп жалғыз қалайын деп таптым ба бес баланы. Өлсем келіп көмуге жарар ма десеңші, шіріктер. Енді қайтейін. Ой, Алла-ай, Аман болсын әйтеуір. Қайтейін.

Төсегіне қисайды. Қараңғылық қоюлана бастаған. Үйдің іші суық. Көктем шыққанмен, жер жылына қоймаған кез. Кемпір аш болатын. Сүйектері де удай ашып барады. Бірақ кәрі ана төзімді еді. Күте білетін». Алайда бұл - өмір шындығы.

Қоғамның ақсап тұрған әлеуметтік өмірін ашып көрсетуде «Қарға» әңгімесін алсақ болады. Онда да қала тіршілігі суреттеледі. Ол да қоғамның жанды жері ата-анаға деген көңілдің жетіспей жататындығы, жар көңілінен шығуды ойлап әкесіне не шешесіне қуаныш сыйлай алмау. Қуаныш сыйламақ тұрмақ бірге тұру бақытын сыйлай алмау баса назар аудартады. «... Әкесін жиі есіне алатын. Шалды қала орталығынан үй алғанда жүр деп шақыра алмағаны үшін қапа болады» және «- Шал неменеге келітті?

- Ауырып жүрмін дейді. Біржанды көруге келген шығар. Жөнін айтқан жоқ.

- Ақша берген шығарсың тағы.

- Еш нәрсе сұраған жоқ.

- Онда Айжан аузын жауып жүрген шығар.

- Білмеймін» деген бір ғана сөйлем мен кішкентай диалог шығарманың мазмұнын ашып тұрғандай.

Бір сөзбен айтқанда Мадина Омарованың шығармаларының басты лейтмотив – кейіпкерлерінің адамдар арасындағы жалғыздығы, жан жылуын сезінбеуі, қысқартып айтар болсақ күнделікті тұрмыс-тіршіліктің, қоғамның келбеті, бейнесі.

Келесі жас жазушының бірі Лира Қоныс. Оның «Мәңгілік сағыныш» атты еңбегінде төмендегідей әңгімелер жинақталған: «Ғайып ұл», «Адам», «Бір дорба бақыт», және т.б.

«Ең әуелі сөз пайда болды» делінеді. Бұл пікірді «Сөз – құдайдан шыққан бу» деп, Алаштың арысы Шәкәрім қажы да қуаттай, толықтыра түседі. Қалай айтсақ та, сөз қазақ үшін әлімсақтан киелі, қасиетті. Ендеше, осы көркем сөзді кестелеп, бүгінгі өмір шындығын ақ параққа түсіріп, ұлттың пайдасына, әлем жұртының игілігіне қызмет етіп жүрген адам жанының инженері – қазақ қаламгерлерінің қолындағы қасиетті қаламұш қалғып кетпесін.

Жоғарыда аттары аталған – Роза Мұқанова, Мадина Омарова, Лира Қоныс сынды кейінгі буын жазушыларымыз өз кезеңінің келелі мәселелерін көтерген бірнеше әңгімелердің авторлары болып табылады.

Кейіпкердің қызметі, әлеуметтік статусы маңызды емес, маңыздысы – оның жүрегіндегі ұлтқа деген, туған топыраққа, қасиетті қара шаңыраққа деген сүйіспеншілік өшпесін. Егер де кейіпкерлерімізді осы межеден көре алсақ, онда қазақ әдебиетінің өлмегендігі, жанкешті жазушы еңбегінің ақталғаны болып есептеледі.

## **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. А. С. Ісімақова «Асыл сөздің теориясы». «Таңбалы» баспасы, Алматы, 2009.
2. Мұқанова Р. «Үркек керім» // №3 (3219) 21.01.2011.
3. Мұқанова Р. «Муза» Жалын баспасы, Алматы, 2004.
4. Омарова М. «Ана ғұмыр» Жалын баспасы, Алматы, 2009.
5. Лира Қоныс «Мәңгілік сағыныш». Жалын баспасы, Алматы, 2009.
6. Қабдолов З. «Сөз өнері». Мектеп баспасы, Алматы, 1976.

## **Resume**

In this article the author considers the category of character in a prose text. Analysis of the subject to Settle on the material from the stories R.Mukanova, M. Omarova and L. Konys

## **Özet**

Makalede edebi eserdeki karakterler sistemi ele alınmaktadır. Yazar kendi fikirlerini genç yazarlardan R.Mukanova, Madina Omarova'nın eserlerini örnek göstererek ispatlamaktadır.